

Қарағанды облыстық мәслихатының XII сессияның 2013 жылғы 14 наурыздағы № 129 "Қарағанды облысындағы жылу маусымына дайындық және оны өткізу Қағидалары туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қарағанды облыстық мәслихатының 2017 жылғы 12 желтоқсандағы XIII сессиясының № 266 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 3 қаңтарда № 4533 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес Қарағанды облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

"Қарағанды облыстық мәслихатының XII сессияның 2013 жылғы 14 наурыздағы № 129 "Қарағанды облысындағы жылу маусымына дайындық және оны өткізу Қағидалары туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2311 болып тіркелген, "Индустриальная Караганда" газетінің 2013 жылғы 25 сәуірдегі № 55-56 басылымында, "Орталық Қазақстан" газетінің 2013 жылғы 25 сәуірдегі № 65-66 басылымында) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Қарағанды облысындағы жылу маусымына дайындық және оны өткізу Қағидаларында:

4 тармағы келесі мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Энергетикалық объектілердің меншік иелері оларды күтіп ұстау және заңда көзделген жауапкершілікте аталған объектілердің жай-күйі мен олардың ақаусыз жұмыс істеуі ауыртпалығын көтереді.";

9 тармағының 2) тармақшасы келесі редакцияда мазмұндалсын:

"2) қазандықтар, жылу желілері бойынша дайындық пен жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарының іске асырылуына және олардың күзгі-қысқы кезеңде жұмыс істеуіне бақылауды жүзеге асыру;";

12 тармағы келесі мазмұндағы екінші, үшінші, төртінші абзацтармен толықтырылсын:

"Автономды жылыту жүйесінің (алда – АЖЖ) меншік иесі (иеленуші) тарапынан жылыту жабдығының тиісінше жұмыс істеуіне жауапты тұлға бекітіледі.

АЖЖ жылытылатын тұрғын үйлерде жауапты тұлға осы тұрғын үйге қызмет көрсетуші ұйымдардың қызметкерлері арасынан, мұндай ұйымдар болмаған жағдайда үй тұрғындары арасынан тағайындалады.

Өзге де объектілердегі жауапты тұлға АЖЖ жылытылатын объект иесінің ұйым қызметкерлерінен тағайындалады. Егер жауапты тұлғаны бекітпеген жағдайда, ұйым басшысы осындай тұлға болып табылады.";

15 тармағы келесі мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Қалалар мен аудандар әкімдері тараптарынан жыл сайын 31 желтоқсаннан кешіктірмей тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында жетекшілік ететін және үйлестіретін жергілікті атқарушы органның қызметкерлері ішінен алдағы жылу маусымына дайындық пен АЖЖ тізілімін жүргізуге жауапты тұлғалар бекітіледі.";

16 тармағының 2) тармақшасы келесі редакцияда мазмұндалсын:

"2) жергілікті атқарушы органдар.";

20 тармағы келесі редакцияда мазмұндалсын:

"20. жылу беру маусымына дайындық бойынша іс-шаралар осы Қағидалардың 1, 2, 3, 4, 5, 6, 11 және 12 қосымшаларына сәйкес үлгіде қалыптастырылады. Қалалар мен аудандардың жергілікті атқарушы органдары тараптарынан 10 қосымшаға сәйкес барлық АЖЖ-дің тізілімі жүргізіледі. Жылу маусымына дайындық бойынша бекітілген іс-шаралар және АЖЖ тізілімі ағымдағы жылғы 15 наурызға дейін энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мәселесі жөніндегі атқарушы органға ұсынылады.";

21 тармағы келесі редакцияда мазмұндалсын:

"21. Жылу беру маусымына дайындық бойынша іс-шараларды орындау бойынша есептер ағымдағы жылдың 1 мамыры мен 1 қазаны аралығында қағаз және электронды түрде осы Қағидалардың 6, 11, 12 қосымшаларына сәйкес үлгілер бойынша облыстың бірыңғай диспетчерлік қызметіне және энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мәселесі жөніндегі атқарушы органға апта сайын сәрсенбі күні ұсынылады:

1) қалалар мен аудандардың жергілікті атқарушы органдары тараптарынан қалалық/ аудандық коммуналдық меншікке тиесілі объектілерге қатысты;

2) облыстық атқарушы органдар тараптарынан облыстық коммуналдық меншікке тиесілі объектілерге қатысты.";

29 тармағы келесі редакцияда мазмұндалсын:

"29. Жылумен жабдықтау көздерін және жылу желілерінің жоспарлы жөндеуден өтуі, сондай-ақ жылу желілерін сынаудан өткізу электр энергетикасы саласындағы жүйелік оператормен, қалалар мен аудандардың жергілікті атқарушы органдарымен келісілген кестеге сәйкес жүзеге асырылады.";

38 тармағы келесі мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын:

"Энергия өндіруші ұйымдардың, оның ішінде қазандықтар және АЖЖ иелерінің күзгі-қысқы кезеңге дайындық паспортын алуы үшін, ұйым басшыларына сараптамалық ұйымдардың қорытындысын алу қажет.";

50 тармағы келесі редакцияда мазмұндалсын:

"50. Сыртқы ауа температурасы бес тәулік бойы орта есеппен +8°C және одан да төмен болғанда немесе сыртқы ауа температурасының күрт төмендеуі туралы болжам

болған кезде қалалар мен аудандардың жергілікті атқарушы органдары тараптарынан жылу маусымы жарияланады.

Жылумен жабдықтаушы ұйымдар 1 қыркүйекке дейін жылумен жабдықтау жүйелерін іске қосу кестесін әзірлейді және қалалар мен аудандардың жергілікті атқарушы органдарымен келісімдейді, коммуналдық қызметті тұтынушыларға, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және энергетикалық кешен ұйымдарына жолдайды. Кестеде тұтынушыларды қосудың келесі кезегі сақталуы қажет:

1)білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау нысандары;

2)тұрғын үй ғимараттары, қонақ үйлер, жатақханалар, мәдени және спорт объектілері;

3)әкімшілік ғимараттар, өндірістік кәсіпорындар мен басқа да объектілер.";

53 тармағының 1) мен 2) тармақшалары келесі редакцияда мазмұндалсын:

"1) тұтынушыларға есептік гидравликалық және температуралық параметрлермен қамтамасыз етуге. Жылу көзінің есептік температуралық жұмыс кестесінің жоспарлы ауытқуына қалалар мен аудандардың жергілікті атқарушы органдарының келісімімен жол беріледі;

2) жоспардан тыс шектеулер, жылу берілуінің тоқтатылуы немесе ыстық су сапасының нашарлауы туралы қалалар мен аудандардың жергілікті атқарушы органдарына, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы атқарушы органына, коммуналдық қызметтерді тұтынушылардың кезекші қызметтеріне себептерін, қолданылатын шаралар мен жою мерзімдерін көрсете отырып хабарланады;"

аталған Қағидаларға 1, 2, 3, 4, 5, 6 қосымшалар осы шешімге 1, 2, 3, 4, 5, 6 қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын;

осы шешімге 7, 8, 9 қосымшаларға сәйкес 10, 11, 12 қосымшалармен толықтырылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау құрылыс, көлік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бойынша тұрақты комиссияға жүктелсін (Н.И.Иманов)

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді.

Сессия төрағасы

Облыстық мәслихат хатшысы

Қ. Оспанова

С. Өтешов

Қарағанды облыстық мәслихатының XIII сессияның

2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 266

шешіміне

1-қосымша

Қарағанды
жылу маусымына

№	Қала/ аудан атауы , км	Барлық желілер , км	жөндеу ,	Жөндеу құны , млн.теңге	Барлық желілер , км	жөндеу ,	Жөндеу құны , млн.теңге	Желілер бойынша барлық жөндеу, км	Жөндеу жұмыстарының жалпы құны (млн.теңге)											
										1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	

Қарағанды облыстық мәслихатының XIII
сессияның
2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 266
шешіміне
3-қосымша

										Қарағанды облысы жылу маусымына дайындық оны өткізу Қағидала 3 - қ о с ы м ш а н ы с а н "Бекітемін" (қала/аудан ----- (қ о л ы) ----- (күні)
--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

**Электр беру желілері мен қосалқы станцияларды
ж.ж. жылу маусымына дайындау жөніндегі
ІС-ШАРАЛАР**

№	Қала/ аудан атауы	Электр желілері мен қосалқы станциялар										Барлық жұмыста құны , млн.теңге		
		Барлығы	Электр беру желілері (км)			жөндеу оның ішінде:	қосалқы станциялар (шт)		Жөндеу құны, млн.теңге	Жөндеу оның ішінде	Жөндеу жұмыстарының құны, млн.теңге			
			оның ішінде	Әуе желілері	Кабелдік желілер		оның ішінде	Жөндеу құны, млн.теңге						

Қарағанды облыстық мәслихатының
XIII сессияның
2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 266
шешіміне
4-қосымша

																					Қарағанды жылу дайындығын оны өткізу 4 - қ о с ы м ш а н ы с а н "Бекітемін" ----- Ә к і м
--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

(қ о л)

(күні)

ДАЙЫНДЫҚ АКТІСІ БОЙЫНША ҮЙЛЕРДІ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ТАПСЫРУ КЕСТЕСІ

№	Қала/ аудан атауы	Барлық көпқабатты тұрғын үйлер, оның ішінде	Келесілерден жылынатын үйлер саны, оның ішінде				Жылыту маусымына дайындалатын барлық көпқабатты тұрғын үйлер	ДАЙЫНДЫҚ АКТІСІ БОЙЫНША ҮЙЛЕРДІ Д. ТАПСЫРУ КЕСТЕСІ																					
			ЖЭО, МАЭС	казандық	АЖЖ	пештер		Айлар					шілде					тамыз											
								Күндер																					
								Апталар					1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14			
					%	5	10	15	20	25	30	35	40	45	50	55	60	65	70										
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25	26	27	28	29	30

Қарағанды облыстық мәслихатының
XIII сессияның
2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 266
шешіміне
5-қосымша

<p>_____ ж.ж. жылу маусымына дайындық актісі бойынша әлеуметтік мәдени тұрмыстық нысандарды дайындау мен тапсыру Іс-шаралары</p>															<p>Қарағанды жылу маусым оны өткіз 5 - қ о с ы м ш а н ы с а н</p>	
"Бекітемін"																
(қ о л ы)																
(кү н і)																

№	Қала/ аудан атауы	Білім беру объектілері							Денсаулық сақтау объектілері							Мәдениет ныс.	
		Барлығы	жылынатын, оның ішінде				қажетті көмір көлемі, мың тонна	Барлығы	жылынатын, оның ішінде				қажетті көмір көлемі, мың тонна	Барлығы	ЖЭ		
ЖЭО	казандық		АЖЖ	пештер	ЖЭО	казандық			АЖЖ	пештер							
1	2	3	4	5	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19		
<i>кестенің жалғасы</i>																	
Спорт объектілері							Басқада нысандар							Бюджеттік ұйымдар үшін барлық көмір			
		жылынатын, оның ішінде				қажетті көмір			жылынатын, оның ішінде				қажетті көмір				
Барлығы							Барлығы										

9	Шахтинск қ.															
	Қалалар бойынша барлығы:															
1	Абай ауданы															
2	Ақтоғай ауданы															
3	Бұқар-Жыр ауданы															
4	Жанаарқа ауданы															
5	Қарқаралы ауданы															
6	Нұра ауданы															
7	Осакаровка ауданы															
8	Ұлытау ауданы															
9	Шет ауданы															
	Аудандар бойынша барлығы:															
	Облыс бойынша барлығы:															

Қарағанды облыстық мәслихатының
XIII сессияның
2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 266
шешіміне
12-қосымша

Қарағанды жылу маусым оны өткізу 9 - қ о с ы м ш н ы с а н "Бекітемін" ----- (қ о л ы) ----- (күні)																

_____ ж.ж. жылу маусымына тұрғын үй объектілерін мен әлеуметтік мәдени тұрмыс нысандарын д бойынша Іс-аралар

Облыс бойынша барлығы:																				
---------------------------------------	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК